

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «АСПАН» КОСМОНИМИНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ ЖАЙЫНДА

*Снабекова М.М.¹

*¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы
Алматы, Қазақстан

e-mail: arumama@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0110-6814>

Аңдатпа. Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Аспан» космонимінің лексика-семантикалық ерекшелігі, мағыналық-тақырыптық топтары көрсетіледі. Осыған орай, зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Аспан» космонимін когнитивтік аспектіде зерттеуге негізделеді. Семантикалық, лингвомәдени, ішінара этимологиялық талдау әдісі арқылы қазіргі қолданыста жүрген атаулардың мағынасын жаңғыртып халықтың астрономиялық білім негізін таныту. «Аспан» - адамзатқа ортақ астрономиялық атаулар әлемі, алайда әр ұлт осы ортақ әлемді өзінше көріп-біліп, өзінше түсінеді, өз ұлттық әлемінің тілдік бейнесін жасайды. Әр ұлттың ерекшелігін оның тілі арқылы танып-түсіну қазіргі тілдік коммуникацияның маңызды мәселесі болып табылады. Сол себепті, алдымен, қазақ тіліндегі «аспан» космонимінің түр-түс мәнді семантикалық ерекшеліктерін сипаттау; екіншіден, ағылшын тіліндегі «аспан» ұғымының түр-түс мәнді семантикалық ерекшеліктерін сипаттау және туыс емес тілдердегі «аспан» космонимінің лингвомәдени ерекшеліктерін салғастыра зерттеу міндеттері қойылды. Зерттеудің жетекші идеясы – «Аспан» жүйесіне енетін атаулар тереңіндегі қазақ және ағылшын мәдениеті өкілдерінің өмір сүру дағдысы, тыныс-тіршілігінің, тарихының куәсі саналу себебін анықтау. Кіріспе бөлімде антропоэлекті бағыт зерттеулеріне сәйкес тіл мен мәдениет сабақтастығы ұлт мәдениетінің әр кезеңіндегі көріністерін бойына жинақтаған терең мазмұнды тілдік қабаттары жайындағы зерттеулерді сараптау негізінде дәйектелді. Негізгі нәтижелер есте жоқ ескі замандарда пайда болған туыс емес қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Аспан» космониміне қатысты нақты лингвомәдени бірліктерді талдау арқылы алынды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Аспан» космонимінің семантикалық ерекшелігін танытуға қатысты ізденістерден туындайтын нәтижелер ономастиканың кенжелеу қалыптасып келе жатқан саласы - космонимиканың антропоэлекті бағытта дами түсуіне теориялық, практикалық тұрғыда маңызды ықпал етеді. Семасиология, лингвомәдениеттану салалары бойынша тың пайым жасауға мүмкіндік береді. Осыған орай, зерттеудің құндылық деңгейі айқындалады. Зерттеу нәтижелерін этнолингвистика, лингвомәдениеттану, ономастика т.б. салалар бойынша зерттеулерде, дәрістер мен практикалық сабақтарда, сөздіктер, мәтіндер құрастыруда қосымша дерек ретінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: космоним, әлемнің тілдік бейнесі, лингвомәдени семантика, аспан, көк, ономастика, семантикалық ерекшелік, лингвомәдени

Негізгі ережелер

Әр халықтың әлем туралы түсінігі мен көзқарасынан ономастиканың салалары құралады немесе тұтастай ономастиканы халықтың әлем туралы танымы, дүниетаным деңгейі құрайды деп есептеледі. Адамзатқа аспан атаулары туралы алғашқы түсінік пен ғылыми-теориялық негіз астрономиялық зерттеулер арқылы жетті. Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан – әлемге ортақ, ең ежелгі халық қойған атаулар, оларды халықтық космонимдер деп те атайды. Халықтық космонимдер астрономия ғылымы терминдерінің өзегіне

жатады. Ономастиканың өзге салаларына қарағанда, космонимдік атаулардың қалыптасуының өзіндік өзгешелігі бар. Бұл өзгешелік әр ұлттың тұрмыс-тіршілік ерекшелігінен туындайды. Космонимика – лингвистикалық пән, сондықтан оны аспан әлемі атауларының ғылыми дефинициясынан гөрі халықтық космонимдік атаулар, олардың халықтың өмір сүру салтына негізделген қолданбалылық мәні мен осы қызметтен туындайтын тіл бірліктері қызықтырады.

Кіріспе

Көшпелі тұрмыс-тіршілік сабақтары. Жер бетін мекендейтін өзге халықтар тәрізді қазақтар да өзі өмір сүретін кеңістігін зерттеп зерделей білген. Тұрмыс-тіршілігі ежелден-ақ аспан астында, аттың жалында, түйенің қомындағы көшпелі мал шаруашылығы болғандықтан, халық тағдыры малға, ал малдың тағдыры шөбі шүйгін, суы мол жайылымға байланысты екені анық. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар өзі мекен еткен кеңістіктің ландшафтық сипатын, оның мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерін жан-жақты меңгерген. Қазақтың ежелгі дәстүрлі мәдениеті *көктеу, жайлау, күздеу, қыстау* аталатын маусымдық жайылымдарды пайдалану арқылы көшпелі сипатқа ие болған. Осыған орай, көшпелілер ұлан-байтақ далада жол табуды, жыл мезгілдерін айыруды, мал төлдету, бие байлау, күзем алу, жайылым ауыстыру мерзімдерін дәл анықтап білу қажеттігін сезінген, өйткені маусымдық жайылымдарға өз уақытында ауыспаса, адам да, мал да зардап шегеді. Мұндай білім жер бетіндегі тіршілікті аспан әлемімен байланыстыра бақылап зерттеу қажеттігін туғызды. Жұлдыздардың туып-батуы, қозғалысын бақылап, «есептеп» пайымдай білді. Халық арасында мұндай зерек, дүниетанымы терең адамдарды *есепші* деп атаған.

Халықтық космонимдер жүйесі – күнтізбе арқауы. Қазақ есепшілері жаз ортасы ауа бастағаннан аспан жұлдыздарына көз тіге бастайды. Аспаннан жарқ етіп *Таразы* жұлдызы туа қалса, күздік жиын терімге кіріседі. «Таразы туса, таң салқын, бидай, тары піседі» деп, ескерту жасайды. Қазақта «Таразы жұлдызы - күз жұлдызы» «салқын жұлдыз» саналады, өйткені Таразы жұлдызы жаз бен қыстың, көктем мен күздің, ыстық пен суықтың, салқын мен жылының арасын таразылап тұрады. Сол себепті бұл жұлдызды «таразы жұлдыз», «қазы жұлдыз» атап кеткен [1]. Мұндай деректер қазақтардың астрономиялық білім-түсінігін тереңдігін танытады. Аспан шырақтары осындай табиғи белгілеріне қарай атауға ие болған. Атаулардың халықтық атаулар ежелгі замандарда қалыптасқан.

Халық есепшілерінің ой-тұжырымынан туындаған астрономиялық білім халықтық космонимдер жүйесін құрайды. Ю.А. Карпенконың ойынша, аспан денелері атауларын зерттеуде олардың шығу тегіне қарай топтастыру маңызды. Алдымен аспан әлемі атаулары *ғылыми және халықтық* атаулар болып бөлінеді [2, 13 б.]. Халықтық космонимдер – халықтың аспан шырақтарына ғылымға дейін есте жоқ ескі замандарда берген атауы. Олар халық арасында аңыз әңгіме, өлең-жыр, мақал-мәтел өзегі болып, ғасырдан-ғасырға жеткен. Қазақ тарихында *Аспан, аспан шырақтары* туралы алғаш рет

ғылыми ой-пікір түйіндеген – Шоқан Уәлиханов. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Аспан» космонимінің лингвомәдени семантикалық ерекшеліктерін талдау сөйлейтіндердің тілдік және мәдени құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу нысаны болып отырған қазақ тілі «Аспан» космонимін туыс емес тіл деректері бойынша салғастыра зерттеу соңғы жылдары ғана қолға алына бастады. Жалпы, Аспан әлемі туралы ғылыми көзқарас Шоқан Уәлихановтың «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» деген атпен 1860-1864 жылдардағы жазбаларында жарияланғаны белгілі. Аспан әлемі жайындағы зерттеулер астрономия ғылымына тән. Бұл ретте, алдымен, Х. А. Әбішевтің «Аспан сыры еңбегі аталады». Қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбек, 1959 жылдан бастап бірнеше рет жарық көрген. Халықтық космонимдер қазақтардың ауа райын бақылау, Күн мен Түннің, Ай мен Жылдың табиғатын тану ізденістерінен туған білімдер жиынтығы. Ол күнтізбе жасауда өзек болған. Халықтық білім жүйесі бойынша жазылып, 1980 жылы жарық көрген «Халық календары» еңбегінің авторы - М. Ысқақов, математик.

Бұдан кейінгі кезеңде халықтық космонимдер лексика-семантикалық ерекшеліктері (Т.Жанұзақов), этнолингвистикалық табиғаты (Қ.Г.Аронов), халықтық күнтізбе жүйесін құрайтын лексика-фразеологиялық бірліктерінің ерекшелігі сипатына қарай (Ә. Орынғазы) т.б. зерттеліп келсе, соңғы уақытта лексикографиялық деректердегі космонимдер салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеу нысанына айналды.

Айгүл Мурзинова және т.б. жаһандық өзара байланыстың дамуы шетел тілдері мен мәдениеттерін тереңірек түсінуді және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарды тасымалдаушы ретіндегі тілдің рөлін зерделеуді қажет ететіндігіне баса назар аударды. Атаулардың ұлттық мәдени өмірге терең еніп, халықтың ой-өрісін де, сөздік көрінісін де қалыптастыратын және ұлттың құндылықтарын, дүниетанымын, әдет-ғұрпын және өмір салтын қамтитын ортақ түсінік [3, 703 б.] деп пайымдайды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Аспан» космонимін салыстырмалы-салғастырмалы түрде зерттеу өте маңызды. Себебі сыртқы ұқсастығына қарамастан «аспан» мағынасы жағынан, ағылшын тілінде өзінше ұқсастықтар мен ерекшеліктеріне ие, яғни халықтардың да дүниетанымдары әртүрлі.

Туыстығына қарай түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын *қазақ* тілін үндіеуропа тілдерімен, оның герман тобына жататын *ағылшын* тілімен салғастыра зерттеу өткен ғасырдың соңына қарай өрістеп келеді. Зерттеу материалдарын аталған салалар бойынша семантикалық, компоненттік, компаративті-контрастивті талдаулар арқылы белгілі нәтижеге ие болды.

Талқылау мен нәтижелер

1. Қазақ тіліндегі аспан космонимінің лексика-семантикалық сипаты
Аспан – төбедегі кеңістік, көк әуе. Ағашты жаңғырта, ашық аспанды найзағайдай тіліп, оқтар ағып барады (Ғ. Мүсірепов). *Аспан* (асман) – Көк,

жер үстіндегі кеңістік, әлем күмбезі. Қазақ тіліне парсы тілінен енген сөз [4, 20 б.]. Қазақ тілінде *аспан* - зат есім, түбір сөз саналады, бұл түбірден *аспанда*, *аспансы*, *аспансу*, *аспансыт*- етістіктерімен қатар *аспандай* сын есімі жасалады. Балабекова және т.б. өз еңбегінде Аверьяноваға сілтеме жасай отырып, мифтер, аңыздар және басқа да мифологиялық материалдар арқылы біз адам психикасының іргелі құрылымдық үлгілерін олардың мәдени контекстінде түсіне аламыз деп келтіреді [5, 19 б.]. Қай халықта болса да Аспан әлемі атауларының пайда болуы қиял-ғажайып оқиғаларына негізделеді. Аспан шырақтары туралы алғаш рет ғылыми түсінік берген Шоқан Уәлиханов еді. Ғалымның айтуынша, ел арасындағы аңыздарға қарағанда, *Аспан* - шамандық наным-сенімде ең жоғарғы құдірет. Аспан өз әрекетінде ерікті болды, ол мадақтай да, жазалай да алады. Адамдар мен халықтың аман-есендігі оның еркіне тәуелді. «Тәңір жарылқасын» - сені аспан жарылқасын; «көк соққан» - аспанның қарғысын алған; «көк соққыр» - аспанның болмасын дегенді білдіреді деп түсіндіріледі. Шаман адам күнге таң қалып, тағзым етіп табынды; айды көріп оған да табынды; табиғаттағы түсінуі қиын күш бар жердің бәріне, өзі көк аспан атаған көк тәңірге табынды. Шамандықтың шығу тегі – жалпы және жекелеген түрде табиғатты мәпелеу, қадір тұту». Қазіргі күнге жеткен наным-сенім, ырым-салттардың шығу тегі шынайы, күмәнсіз, жанды сенім болды деп есептеледі. Ай, Күн, Жұлдыз - аспанда өмір сүреді, Аспан олардың мекені [6, 63 б.]. Көк тәңірі – Көк аспан, қазақтарда Аспан сөзінің синонимі – *Көк* (Шырқай кеп шыңырау *көктем* сүйіпті Күн. Түндігін түртіп тұрған *көк аспанның...*) Поэзияда аспан *көк/көк аспан* деп көрініс тапқан (М.Мақатаев). Аспанның символдық мағынасы басым *көк* түспен аталуының басты себебі аспан түсінің көк болуында ғана емес, аспан мен жердің және тәңір мен дүниенің арасындағы байланыс, арман мен қиялды бейнелеуінде және таңғажайыпқа ұмтылуға байланысында болуы әбден мүмкін. Аспан әлемін қазақтардың өз үйі, шаңырағы ретінде тануынан *Көк күмбез*, аспанмен теңестірілген басты құдай образында *Көк тәңірі* деп ауыс мағынасында аталып әдебиеттерде кездеседі. Қазақ ұғымында көк түс үміт, жылылық және тілек бірлігінде білдіреді. Л.Н.Гумилев: «Бұл түс аспан мен көктің түсі, яғни өсімдік стихиясы, түркі тілдес халықтар үшін киелі түс» өйткені қасиетті аспанның символы деп келтіреді [7]. Табиғаттың оянып, тіршіліктің бастауы болған көктем сөзінің түбірі *көк* деп санайды зерттеушілер. Қазақ халқы тіршіліктің және жанарудың белгісі болған көк шөпті жұлға тиым салады.

Қазақтар Көк тәңіріне табынғанда, еліне, жеріне жақсылық тілейді, апаттардан қорғауын өтінеді, сондықтан Айға саусағын шошайтпайды, Күнге қарап күлмейді, Аспанға қарап түкірмейді. Осының бәрі – халық тілінде сөзбен өрнектеліп, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ережелерін түзеді. Көшпелі тұрмыс-тіршілік иелері табиғатпен тайталасқа түспей, үйлесе өмір сүреді.

Осыған орай, **аспан** космониміне қатысты және **аспан** компонентті фразеологизмдер пайда болған:

аспан айналып жерге түскендей, аспан аптап, күн шыжыды, аспанға көтерді, аспанға қарады, аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылады, аспанға

ұшса аяғынан, жерге кірсе желкесінен тартады, аспандағыға қол созды, аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатты, аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті, аспанмен тілдескен, аспаннан түсті, аспанның түбі тесіліп кеткендей, аспан шайдай ашық, аяғы аспаннан келді, аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ, әлегін аспаннан келтірді аяғымен (мұрнымен) жер тіреп, маңдайымен көк тіреп т.б.; **көк** компонентті фразеологизмдер: көкке көтерді, көк көбесі сөгілді, көк көкіретіп, жер тітіретті, көк соққан, тәңір соққан, көктен сұрағаны жерден табылды, көктен (аспаннан) түсті, көкте тұрған жұлдыз, аяғы көктен келді, көк күмбез т.б.; **қара** компонентті фразеологизмдер: қара аспан айналып түскір (қарғыс), қара аспанды жауға алдырды, қара аспанды суға алдырды, қара аспанды жаудырды, қара аспанды төндірді, қара аспанды төңкерді.

2. *Ағылшын тіліндегі аспан космонимінің лексика-семантикалық сипаты* Дж.М.Хокинс редакциялаған Оксфорд ағылшын тіліндегі сөздікте ағылшын тілінде «Аспан» космониміне: *The space above the earth, appearing blue in daylight on fine days* деген түсіндірме беріледі. Қазақша баламасы Жердің үстіндегі кеңістік, ашық күндері күндізгі жарықта көк болып көрінеді (С.М.) [8].

Оксфорд ағылшын тіліндегі онлайн сөздігінде «sky»-«аспан» сөзі «sky»-сөзінің зат есім ретіндегі лексика-семантикалық варианты: 1. Жерді жауып тұрған атмосфера, аспан (мыс.: *That year, a meteor fell from the sky* – Сол жылы аспаннан метеор түсті (С.М.); 2. Аспандар (Құдайлардың мекені). (мыс.: *This mortal has incurred the wrath of the skies* – Бұл адам аспан құдайларының қаһарына ұшырады (С.М.); 3. Ауа-райын айтқанда, аспан түсін қосып көрсету (мыс.: *The sky grew dark, and a cold rain began to fall* – Аспан сұрланып, суық жаңбыр жауа бастады (С.М.); 4. «Бейбітшілік» мағынасында (мыс.: *Let moral law and reason prevail so that we can preserve the starry sky* – жұлдызды аспанды сақтап қалуымыз үшін адамгершілік заңы мен парасаты үстем болсын (С.М.). «Sky» сөзінің етістік ретіндегі лексико-семантикалық варианты «бір нәрсені жоғары лақтыру мағынасында» (мыс.: *To sky a ball above the trees* – допты ағаштың биіктігінен асырып жіберу (С.М.) қолданылады (www.oxfordlearnersdictionaries.com).

А.В. Куниннің сөздігінде *By heaven!* немесе *Heavens!* Сөзбе-сөз аудармасы: *Аспаннан!* тандану, таңғалу мағынасында қолданылады [9, 378 б.]. Яғни *аспан* сөзінің *heaven* деген синонимі таңырқау мағынасында қолданылады.

Ағылшын тілінде *sky/аспан* сөзінің ескірген мағынасы *cloud/бұлт*. Бұлт сөзімен қолданылған идиомаларда аспан сөзімен қолданылғандағыдай қиялдау мағынасын білдіреді. *have one's head in the clouds* - (сөзбе-сөз ауд. басы бұлттың ішінде болу (С.М.) Мағынасы бұлтта қалықтап жүру, адамның басында жұмыс жайлы ешнәрсе болмаған кездегі сезім. Бұл әдетте ғашық болғанда немесе бір нәрсені қызығушылықпен орындаған кезде, қиялшыл, арманшыл болуды білдіреді. Осындай мағынадағы *Be (be up или have one's head) in the clouds* аспанда қалықтап жүру [9, 155 б.], *pie in the sky* - (сөзбе-сөз

ауд. аспандағы бәліш (С.М.) бейресми орындалмайтын тілек немесе үміт мағынасындағы [9, 577 б.] фразеологиялық сөз тіркестері кездеседі.

3. *Қазақ және ағылшын тілдеріндегі аспан космонимінің лингвомәдени ерекшелігі.*

А. Қазақ тілінде жинақталған *аспан* компонентті фразеологизмдерді бірнеше мағыналық-тақырыптық топқа бөлуге болады:

1) Ауа райына байланысты фразеологизмдер: *аспан айналып жерге түскендей, аспан аптап, күн шыжыды* – аңызға ыстық, қапырық, жер-көктің бәрі күйіп тұр дегенді білдіреді. *Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатып Қорқыттың күйін тыңдапты* (ҚЕ) қиял-ғажайып ертегілеріндегі тыныштық, бейбіт, рахат сезіміне бөлену сәтін бейнелеу. *Аспанның түбі тесіліп кеткендей* – қатты, толассыз ұзақ жауған жаңбырдың сипаты. *Аспан (әуе) шайдай ашық* – көкте бір шөкім бұлт жоқ, мамыражай кез. Тағы да көктем, Ертістің сірескен қалың мұздары қапталдай аққанына талай күн өтті. Аспан шайдай ашық (Ә.Баймурзин).

2) Күш-қорлық көрсету, өктемдік жасау, жаза тарту мағынасындағы фразеологизмдер: *аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылады, аспанға ұшса аяғынан, жерге кірсе желкесінен тартады* – қиял-ғажайып ертегілеріндегі қара күш иесін көрсетеді. *Аспанды алақандай, жерді тебінгідей* етіп тұрған қаныпезер қоңыр жал бәрібір бұлк етпей жатып алды (Ә.Кекілбаев). *Аяғы аспаннан келді, аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ, әлегін аспаннан келтірді* – жаза тартты, күлі көкке ұшты, тас-талқаны шықты мағыналарын білдіреді. Әдетте мінез-құлқы, пиғылы жаман адамға айтылады.

3) Адамның өз мүмкіндігін білдіретін фразеологизмдер: *аспандағы айға қол созды* - қолынан келмейтін, шамасы жетпейтін іске ұрыну. Талай ала аяқ тақ пен тәжді арман етіп, жыртық жабықтан аспандағы айға қол созып жатты (Ә.Нұрпейісов). *Айды аспанға бір шығарды* – даңқы жер жарды, даңғаза жасады Ұнамсыз, кекесін мағынасында қолданылады. *Аяғы көктен келді* - жаза тартты, әшкере болды.

4) Адамның мінез-құлқына байланысты фразеологизмдер: *аспанға көтерді, көкке көтерді* – асыра қолпаштап жарға жығу мәніндегі жағымсыз мінез туралы. *Аспанға қарады* - менменсіді, кеуде көтерді, тәкаппарланды. Мен боламын демендер, аяқты алшаң басқанға. Екі көзің аларып құр қарайсың аспанға (Абай). *Аяғымен (мұрнымен) жер тіреп, маңдайымен көк тіреп* – елін түні бой көз ілмей қорғайтын батыр, шыдамды адам.

5) Түр-түс компонентті фразеологизмдер: *көк көбесі сөгілді, көк көкіретіп, жер тітіретті* - елге келген апат, соғыс туралы. Соғыс елдің еңсесін түсіріп, *көк көкіретіп, жер тітіретті емес пе?* (А.Тоқмағамбетов). **Қара аспан айналып түскір!** - қарғыс, Басына қара күн тусын дегенді білдіреді. *Қара аспанды жауға алдырды, қара аспанды суға алдырды, қара аспанды жаудырды, қара аспанды төндірді, қара аспанды төңкерді* - уайым-қайғы, қауіп-қатерді ұлғайтып айтты. Бұл от қайтып бықсымасын десең, жаудыра бер қара аспанды мынаның төбесіне! Ұшыр зәресін! (М.Иманжанов) *Аспаннан түсті* – аспанның түсіндей таза көк, көгілдір.

б) Биіктік, арман мағынасындағы фразеологизмдер: *аспанмен астасқан, көкпен тілдескен* – зәулім, асқар биік. Алматының іргесінде басына мәңгілік қар жамылып, биіктігі аспанмен таласқан Алатау тұр (С. Мұқанов). *Көкке көтерілді, көкке жетті* – аспанға ұшты, әуеледі, аспанмен таласты, *көкке көтерді* – дәріптеді, құрмет көрсетті. *Көктен сұрағаны жерден табылды* – алыстан, қиыннан іздегені жерден табылды, арманы орындалды. *Көктен (аспаннан) түсті* – аспаннан келді, тәңір жіберді, діни мағына; ойламаған жерден күтпеген жерден пайда болды. *Көкте тұрған жұлдыз* – қол жетпес арман.

7) Алғыс, қарғыс мәнді фразеологизмдер: *Көк соққан! Тәңір соққыр!* – қарғыс. Алланың қаһары тисін деген мағынада. Аспаның ашық болсын! Төбеңе бұлт айналмасын! – тілек, бата. Жаманшылық күн басыңа келмесін деген мағына білдіреді.

Б. Ағылшын тілінде осы жинақталған *аспан* компонентті фразеологизмдердің мағыналық-тақырыптық топтары:

1) Ауа райына байланысты фразеологизмдер: «*Skies will clear* - Аспан ашық болады» - бұл бұлтты ауа-райының күн сәулесіне ауысатынын білдіретін сөз тіркесі. Мысалы: *After a week of relentless rain, the skies finally began to clear. A sense of peace washed over the town*” - Бір апта бойы толассыз жауған жаңбырдан кейін аспан ақыры ашыла бастады. Қаланы тыныштық сезімі шайып кетті (С.М.); «*The sky is the limit* - Аспан – шегі» Біршама метафоралық қолданыс болғанына қарамастан, өте қалың қар жаууы немесе күшті дауыл сияқты экстремалды ауа райы жағдайларын бейнелеу үшін қолданылады. «*A light yellow sky at sunset presages wind* - Күн батқанда ашық сары аспан желдің белгісі» немесе «*A pale yellow sky at sunset presages rain* - Күн батқанда бозғылт сары аспан жаңбырдың белгісі (С.М.)» бұл мақал-мәтелдер ғылыми тұрғыдан негізделмеген және дұрыс болмауы да мүмкін, бірақ олар ғасырлар бойы ауа-райының бақыланғандығын және адам мен оны қоршаған орта арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді.

2) Қауіп-қатер, өктемдік жасау, жаза тарту мағынасындағы фразеологизмдер: «*The sky is falling* - Аспан құлап бара жатыр (С.М.)»: Бұл идиома көбінесе болжанған қауіпке немесе келе жатқан апатқа байланысты төтенше дүрбелең немесе қорқыныш жағдайын білдіреді. Ол зорлық-зомбылықпен немесе тираниямен байланысты қасірет сезімін білдіреді; «*The heavens are weeping*” - Аспан жылап жатыр (С.М.)» Бұл тіркес тікелей зорлық-зомбылық көрсетуге байланысты болмағанымен әділетсіздіктің салдары болып табылатын үлкен қайғы немесе қайғы-қасірет жағдайын бейнелеу үшін қолданылады. Аспанның қаһары тікелей болмаса да, Құдайдың үкімі немесе жазасы сезімін білдіреді. «*Sky-high anger* - Аспандай ашу (С.М.)» бұл сөз тіркесі зорлық-зомбылыққа әкелетін ашудың қарқындылығын көрсетеді; «*The sky's the limit for their cruelty* - Олардың қатыгездігінің шегі - аспан (С.М.)» тіркесі тианның қысымшылық әрекеттеріне шек жоқтығын көрсетсе, «*Punishment from the heavens* - Аспаннан келген жаза (С.М.)» бұл жасалған зұлымдық үшін Құдайдың жазасы болатындығы туралы айтылады. Тіл аса күшті және осындай күрделі ұғымдарды білдіруде нақты және әсерлі болуы үшін маңызды құрал.

3) Адамның өз мүмкіндігін, сенімін білдіретін фразеологизмдер: «*The sky's the limit for them* - Аспан олар үшін шексіз (С.М.)»: Бұл олардың әлеуетіне немесе қабілетіне шек жоқ дегенді білдіреді. «*They can reach for the sky* - Олар аспанға жете алады (С.М.)»: Бұл олардың үлкен жетістіктерге жетуге, шектеулерден жоғары тұруға мүмкіндігі бар екенін білдіреді. Бұл адамның амбициясы мен жігерінің жоғары екендігін көрсетеді. «*They have a sky-high level of skill* - Олардың шеберлігі аспанға жетеді (С.М.)» Бұл адамның ерекше дарындылығына немесе тәжірибесіне баса назар аудартады. «*Their mind is like a limitless sky* - Олардың ақыл-ойы шексіз аспан тәрізді (С.М.)»: Бұл шексіз шығармашылықты, интеллектті немесе қиялды білдіреді, бұл адамның ойлау және әрекет ету қабілетінің зор екенін көрсетеді.

4) Арман, қиял, табысқа жету мағынасына байланысты фразеологизмдер: «*They're reaching for the sky* - Олар аспанға ұмтылуда» тіркесі «*reaching for the stars* - жұлдыздарға жету (С.М.)» тіркесі сияқты үлкен мақсаттар мен табысқа жету үшін адамның мінез-құлқындағы күшті ұмтылысын білдіреді. «*Their mind is like a limitless sky* - Олардың ақыл-ойы шексіз аспан тәрізді (С.М.)» бұл адамның бойындағы шығармашылық пен қиялдың шексіз екендігін білдіреді. «*Their ideas are sky-high* - Олардың идеялары асқақ (С.М.)» бұл адамның жаңашыл және креативті ойлау дағдыларының жоғары екендігін білдіреді. «*Head in the clouds* – (Біреудің) басының бұлтта болуын (С.М.)»: армандау және қиялдау сезімін білдіреді. «*Pie in the sky* - Аспандағы бәліш (С.М.)»: орындалмайтын немесе қол жетпес арман немесе үміт. Бұл адамның тым идеалист екенін көрсетеді. «*Reach for the sky*- Аспанға жету» «*reach for the stars* Жұлдыздарға жету (С.М.)» мағыналас фразеологизмдер, бұл үлкен жетістіктерге жету үшін адам бойындағы амбиция мен талпынысты көрсетеді. «*The sky's the limit* - Аспанның шегі» адамның қол жеткізе алатын нәрсесінде шекара жоқ, бұл шексіз әлеует пен шексіз армандарды білдіреді.

5) Түр-түс компонентті фразеологизмдер: «*Out of the blue* - Көктен тыс» Көк аспаннан түскен болт сияқты, күтпеген жерден деген мағынаны білдіреді. «*Feeling blue* - Көк сезім» бұл қараңғы немесе күңгірт аспанды білдіріп, қайғылы немесе депрессияға ұшырау мағынасын береді. «*Once in a blue moon* Көк айда бір рет»: өте сирек дегенді білдіреді. Бұл көгілдір айдың сирек кездесетінін, ай циклімен байланысты оқиғаға байланысты. «*Golden sky* - Алтын аспан» бұл әдемі, күн батқан аспанды сипаттау үшін жиі қолданылады. Келесі сөйлемде *It doesn't seem like this blue sky's here for me* - бұл көк аспан мен үшін емес сияқты, көк аспан қол жетпес арман мағынасында қолданылған. Аспан бізден өте алыс болғандықтан, қол жетпес арман-қиял ретінде қолданылатындығы анықталды. «*Pale yellow sky* - Ашық сары аспан»: бұл бұлыңғыр аспанды, алдағы жаңбыр немесе бұлтты күнді болжайды. «*Red sky at night, sailor's delight. Red sky in the morning, sailor's warning* - Түнде қызыл аспан, теңізшілердің қуанышы. Таңертең қызыл аспан, матростарға ескертуі» бұл мақал күн батқандағы қызыл аспан жақсы ауа-райын болжайды, ал күн шыққандағы қызыл аспан дауылды ауа-райын болжайды дегенді білдіреді. «*Gray skies* - Сұр аспан» бұл бұлтты немесе мұңды күнді білдіреді, көбінесе қайғы немесе үмітсіздік сезімін көрсетеді. «*Purple sky* - Күлгін аспан»: бұл

көбінесе күн батқанда немесе күн шыққан кездегі жарқын аспанды білдіреді. «*Ашық аспан*» бұл бейбіт және оптимистік көзқарасты білдіреді. «Overcast skies - Бұлтты аспан»: бұл қараңғылықты, қайғыны немесе белгісіздікті бейнелейді. Бұл сөз тіркестері көбінесе сезімдерді немесе жағдайларды бейнелеу үшін аспанды символ ретінде қолданатын метафоралар болып табылады.

б) Биіктік, ұмтылысты мағынасындағы фразеологизмдер: «*To touch the sky* - Аспанға қол тигізу» немесе «*to reach for the stars* - жұлдыздарға қол созу», «*to be sky-high* - аспаннан биік болу» деген фразалар ұлылықты немесе биіктікті сипаттау үшін қолданылады. Мысалы: «*All documents are signed by Susan, her position is touching the sky* - Барлық құжаттарға Сузана ғана қол қояды, оның позициясы аспанға жетеді (С.М.)». «*To fall from heaven* - көктен құлау» кенеттен мәртебеден айырылу мағынасын білдіреді. Мысалы: «*The politician's career fell from grace after the scandal broke* - Саясаткердің мансабы жанжалдан кейін құлдырап кетті (С.М.)». «Аспан жаратылысы» көбінесе ерекше болып көрінетін адамға байланысты қолданылады. Мысалы: «*The singer's voice was like that of a celestial being* - Әншінің даусы аспан дауысындай еді (С.М.)». Бұл сөз тіркестері қазақ тіліндегідей ағылшын тілінде де биіктік, ұмтылу сияқты ұғымдарды білдіру үшін аспан сөзі метафоралық түрде қолданылады.

В. Туыс емес қазақ және ағылшын тілдеріндегі «аспан» космонимінің лингвомәдени семантикасы жайында төмендегіше ойтуын жасалды:

- зерттеліп отырған тілдерде, қазақ тілінде, «аспан», «көк аспан» және «көк», ағылшын тілінде «sky», «blue» және «heaven» формаларында таңбаланды;

- ағылшындар аспан сөзін *skies* аспандар деп көпше түрде қолданады. Ол нақты аспан мағынасынан қарағанда аспандағы құдайлар, құдірет күші деген мағынаны білдіреді деп түсініледі. Сонымен қатар, *sky* аспан сөзінің бір нәрсені жоғары лақтыру мағынасында етістік қызметінде қолданылатын ерекшелігі де бар; ал қазақ мәдениетіндегі шамандық наным-сенім бойынша Аспан –Тәңір, Көк Тәңірі, жоғары құдірет;

- мақала көлемінде тек «Аспан» космониміне байланысты жинақталған лингвомәдени бірліктер, фразеологизмдер, қазақ тілінде жеті, ағылшын тілінде алты топқа бөлінді. Бұл топта мәні ортақ: ауа райы, адами мінез құлық, түр-түс т.б. «Аспан» әлемі - адамзатқа ортақ ұғым. Географиялық кеңістік жағдайына негізделген тұрмыс-тіршілік, күнкөріс салты әр халыққа ортақ әлемді игеріп қабылдау жолдарын үйретті. Осыған орай, қазақ даласына ауа райының ерекшелігі *аспан айналып жерге түскендей; аспан аптап, күн шыжыды* –тәрізді фразеологизм семантикасы арқылы берілген. Ал ағылшын тілінде: *After a week of relentless rain, the skies finally began to clear. A sense of peace washed over the town*” - Бір апта бойы толассыз жауған жаңбырдан кейін аспан ақыры ашыла бастады деген семантикадан «тұманды» ел көрінісі байқалады.

- адамның мінез-құлқы, жағымды-жағымсыз әрекеттер қай халыққа да ортақ, тек көрінісі басқа. *Аспандағы айға қол созды;* - қазақтарда көп жағдайда кекесін мағынасын білдіреді, екіншіден арманға ұмтылу мәнінде де қолданылады, ағылшындарда: *The sky's the limit for them* - Аспан олар үшін

шексіз»: Бұл олардың әлеуетіне немесе қабілетіне шек жоқ дегенді білдіреді. «*They can reach for the sky* - Олар аспанға қол соза алады». Адам баласының арманында шек жоқ, сондықтан қазақтар «Арманың асқақ болсын, шығатын шыңың биік болсын!» деген тілек тілейді, бірақ астамшылықты ұнатпайды. *Төбесі көкке жетті; көкке көтерді* – бірліктерінің семантикасы адамның өзін-өзі көтеруі емес, халықтың бағалауына байланысты айтылған.

- *көк түс* аспан түстес ұғымында, негізінен, жылылық, еркіндік мағынасында қолданылады, сондықтан Қазақ елінің Туы аспан түстес. Ал *көк соққыр!* – Тәңір мағынасында жазалану мәнін білдіреді. Ағылшын тілінде *blue blood* деген тіркесі ағылшын этномәдени санасында *көк түстің* аристократтық, яғни ақсүйек тұқымы деген түсінікті білдіреді. Аспанның, аспан жұмағының түсі көк түсті христиандар мейірімділікпен және табиғатпен байланыстырады. Ағылшын тіліндегі көк түсімен қолданылған сөздер, негізінен, жағымды мағынада. Сонымен қатар, ағылшын тілінен алынған деректерде - «қайғы, депрессия» мағынасы да ұшырасты. Уайым-қайғы қазақтарда - *сары уайым* түрінде көрінеді.

- *қара түс* қазақтарда уайым-қайғы, қауіп қатер, суық хабар, қарғыс мәнінде көбірек қолданылады: *қара аспанды жаудырды* тәрізді бірліктер соның айғағы. Ағылшын тілі деректерінде *қызыл аспан, сары аспан, сұр аспан* фразеологизмдері ауа райын болжауда көбірек қолданылатыны көрінеді. Аспанның түсіне қарап ауа райын болжау, суреттеу - ортақ тәсіл. *Сұр бұлт түсі суық қапатайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан* (Абай). Бұлттың түсі суық сұр, аспанды тұтас жауып тұрғандықтан сұр аспан болып көрінеді. Өлеңде *сұр түс* көшпелі тұрмыс көрінісін, көңілсіздікті білдіреді

- Қазақ халқының өміріндегі шамандық қалдығының бір белгісі “Тәңір жарылқасын!” - сені аспан жарылқасын, құдай қолдасын алғыс, тілек мәнді болса, *Көк келсін! Қара аспан айналып түскір!* – қарғыс, *жаны көкке ұшты* деп адамның қайтыс болғанын білдіретін семантика береді. Ағылшын тілінен әзірге алғыс-қарғыс мәнді семантика кездеспеді, дегенмен «*The heavens are weeping*” - Аспан жылап жатыр» тіркес әділетсіздіктің салдары болып табылатын үлкен қайғы немесе қайғы-қасірет жағдайын бейнелеу үшін қолданылады. Аспанның қаһары тікелей болмаса да, Құдайдың үкімі немесе жазасы сезімін білдіреді. «*Sky-high anger* - Аспандағы ашу» бұл сөз тіркесі зорлық-зомбылыққа әкелетін ашудың қарқындылығын көрсетеді; «*The sky's the limit for their cruelty* - Олардың қатыгездігінің шегі - аспан» тіркесі тианның қысымшылық әрекеттеріне шек жоқтығын көрсетсе, «*Punishment from the heavens* - Аспаннан келген жаза» бұл жасалған зұлымдық үшін Құдайдың жазасы болатындығы туралы айтылады.

Қорытынды

Қазақ халқының ата-бабалары да ежелгі замандардан-ақ, тұрмыс-тіршілігінің жағдайына қарай жер беті мен аспан әлемін астастыра терең зерделеген, олардың арасындағы байланысты анықтап, әл-ауқатының деңгейін мал-жанының аман болуымен өзектестірген.

Аспан және аспан денелері - әлемге ортақ ұғым. Бүкіл адамзат үшін «Аспан ортақ», «Жер ортақ», алайда әр ұлт осы ортақ әлемді өзінше қабылдап, өзінше түсінеді, өз әлемінің тіл арқылы таңбаланатын ұлттық бейнесін жасайды. Жалпы, қазақтың халықтық космоимдік атаулары қазақ халқының аспан денелерінің қозғалысын бақылап, соған орай ауа райының өзгеруін анықтап отырған. Сонымен қатар зерттелген екі тілде де оны қасиетті санап, сыйынып табынғандығын, тілек, қарғыс, жазалау мағынасында да қолданылатындығы байқалды. Қазақ және ағылшын халықтарының аспан түсінің өзгеруіне байланысты сол түстерді адамның көңіл-күйін сипаттауда қолданатындығы фразеологизмдерден, поэзиялық шығармалардан келтірілген мысалдарда нақты көрініс тапты.

Зерттеу барысында *аспан/көк* компоненті кездесетін сөз тіркестерінің арасында, адамдардың жеке басына және басқаларға қарым-қатынасына байланысты эмоцияны көрсететін соматикалық фразеологизмдердің (мұрынын көкке көтеру, төбесі көкке жеткендей); қуанышын білдіру мақсатында *бөріні аспанға ату*; бір жағдайларға байланысты көрініс (сценарий) *аспаннан (төбеден) түскендей*; күн көріс жағдайларына байланысты (*аспаннан айы құлау*) сияқты көптеген фразеологизмдердің кездесетіндігі мәлім болды.

Түнде жолаушы жүрген қазақ жүрер жолын да, уақытын да Аспан нысаны *Темірқазыққа* не *Үркерге* қарап айырады. Кулынтаева және Еспекова уақыт өлшем бірліктеріне байланысты мақаласында Ә.Құралұлының «Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі» атты еңбегіне сілтеме жасай отырып, ғалымның қазақ халқының рухани мәдениетіне кең шолу жасағандығын, оның ішінде дәстүрлі өлшем жүйелеріне нақты сипаттама бергендігі жайлы ақпарат берген. Атап айтқанда, ол күннің аспандағы орналасуына байланысты күннің алуан түрлі кезеңдерін белгілеп, оларды қазақтың дәстүрлі уақыт туралы түсініктері тұрғысынан сипаттайды: *күн көкжиектен көтерілген мезгіл, күннің орта мезгілі, күн еңкейген мезгіл, күн ұясына бата бастаған мезгілі* деп жіктейді деп келтіреді [10, 3 б.]. Бұл қазақтардың астрономиялық білімінің тереңдігін танытады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бекмұратұлы С. Шөп қатаятын, гүл қартайтын таразы туды // Алматы ақшамы. – 13 тамыз 2020. – № 94 (5913)

[2] Карпенко Ю. А. Название звёздного неба. – Москва: Наука, 1981. – 184 с.

[3] Мурзинова А. Стереотиптік прецедентті атаулардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері (Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі жағдайлық зерттеу) / А. Мурзинова, А. Тымболова, Қ. Елшібаева, Г. Абдирасилова, А. Күшкімбаева, М. Мирон. // *XLinguae*. – 2018. – №11 (2). – URL: <https://www.researchgate.net/publication/325209905> 10.18355/XL.2018.11.02.55. 10.06.2024.

[4] Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім, 2003. – 320 б.

[5] Балабекова Қ. Ертегілердегі концепциялар – Бейнеленген дүниетанымның көріністері / Қ. Балабекова, Ж. Отарбекова, Ф. Шойбекова, С. Оразбай, Р. Эрмерс // *XLinguae*. – 2022. – №15 (4). – URL: <https://www.researchgate.net/publication/365176344> doi: 10.18355/XL.2022.15.04.02. 11.06.2024.

- [6] Уәлиханов Ш. Қырғыздардың космологиялық түсініктері // Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толғанай групп, 2010. – Т. 4. – 61-63 б.
- [7] Гумилев Л. Н. Хунны в Китае. – СПб.: [б. и.], 1994. – 250 с.
- [8] Хокинс Дж. М. Толковый словарь английского языка. – Москва: Астрель: АСТ, 2002. – 828 с.
- [9] Кунин А. В. Англо-русский фразеологический словарь / Лит. ред. М.Д. Литвинова. – Москва: [б. и.], 1984. – 982 с.
- [10] Кулынтаева Т.Б. Тарихи жырлардағы қазақы уақыт өлшем бірліктерінің мәні / Т.Б. Құлынтаева, Л.Ә. Еспекова // Филология ғылымдары. – 2023. – № 2 (69). – URL: <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/589/239> doi: 10.48371/PHILS.2023.69.2.008 08.06.2024.

REFERENCES

- [1] Bekmūrātūly S. Shöp qatayatyn, gül qartayatyn tarazy tudy (A scale was born where grass hardens and flowers grow) // *Almaty aqshamy*. – 13 тамыз 2020. – № 94 (5913) [in Kaz.]
- [2] Karpenko Yu.A. Nazvanie zvednogo neba (The name of the starry sky). – Moskva: Nauka, 1981. – 184 s. [in Rus.]
- [3] Murzinova A. The national and cultural peculiarities of stereotyped precedent names (A case study of the Kazakh, Russian, and English languages) / A. Murzinova, A. Tymbolova, K. Yelshibaeva, G. Abdirassilova, A. Kushkimbayeva, M. Mirov // *Xlinguae*. – 2018. – № 11(2). – URL: <https://www.researchgate.net/publication/325209905> doi: 10.18355/XL.2018.11.02.55. 10.06.2024.
- [4] Oñdasynov N. Parsyssha-qazaqsha túsındırme sözdik (Persian-Kazakh explanatory dictionary). – Almaty: Bılım, 2003. – 320 b. [in Kaz.]
- [5] Balabekova K. Concepts in folktales – Manifestations of embodied worldviews. / K. Balabekova, Z. Otarbekova, G. Shoibekova, S. Orazbay, R. Ermers // *Xlinguae*. 2022. – №15(4). – URL: doi:10.18355/XL.2022.15.04.02. 11.06.2024.
- [6] Uәlikhanov Sh. Qyrғызdardyñ kosmologiyalıq túsínikterí (Cosmological concepts of the Kyrgyz) // *Kөptomdyq shyғarmalar zhinaғы*. – Almaty: Tolғанay групп, 2010. – Т. 4. – В.61-63. [in Kaz.]
- [7] Gumilev L.N. Khunny v Kitaye (The Huns in China). – SPb.: [b. i.], 1994. – 250 s. [in Rus.]
- [8] Khokins Dj. M. Tolkovyy slovar' angliyskogo yazyka (Interpretive dictionary of the English language). – Moskva: Astrel': AST, 2002. – 828 s. [in Rus.]
- [9] Kunin A.V. Anglo-russkiy frazeologicheskiy slovar' (Anglo-Russian phraseological dictionary) / Lit. red. M.D. Litvinova. – Moskva: [b. i.], 1984. – 982 s. [in Rus.]
- [10] Qulyntaeva T.B., Espekova L.A. Tarihi zhyrlardaғы qazaqy uaqyt ölshem birliklerimín (The value of Kazakh time units in the historical epics). *Filologiya ғылымдары*. – 2023. – №2(69). – URL: <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/589/239> doi: 10.48371/PHILS.2023.69.2.008 08.06.2024. [in Kaz.]

О ЛИНГВОКУЛЬТУРНОЙ СЕМАНТИКЕ КОСМОНИМА «АСПАН» В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

*Снабекова М. М.¹

¹старший преподаватель, Казахский национальный женский педагогический университет Алматы, Казахстан

e-mail: arumama@mail.ru , <https://orcid.org/0000-0002-0110-6814>

Аннотация. В статье рассматриваются лексико-семантические особенности, смысло-тематические группы космонима «Небо» в казахском и английском языках. В связи с этим цель исследования основана на когнитивном аспекте космонима «Небо» в казахском и

английском языках. Целью исследования является представить основы астрономических знаний народов путем модернизации значений используемых в настоящее время названий посредством метода семантического, лингвокультурного и этимологического анализа.

«Аспан» – это мир общечеловеческих астрономических названий, но каждый народ видит и понимает этот общий мир по-своему, создавая языковой образ своего национального мира. Понимание особенностей каждой нации через ее язык является важным вопросом современного языкового общения. Поэтому в исследовании впервые описываются существенные семантические особенности космонима «Аспан» в казахском языке. Во-вторых, ставится задача описать содержательные семантические особенности концепта «Аспан» в английском языке и сравнить лингвокультурные особенности космонима «небо» в не родственных языках.

Ведущая идея исследования – определить причину, по которой имена, входящие в систему «Аспан», считаются свидетелями образа жизни, жизни и истории представителей казахской и английской культуры. Во вступительной части устанавливается преэминентность языка и культуры по данным антропоцентрических исследований, основанных на анализе исследований о языковых пластах глубинного содержания, собиравших проявления национальной культуры в каждый период.

Основные результаты были получены путем анализа конкретных лингвокультурных единиц, связанных с космонимом «Аспан» в неродственных казахском и английском языках, возникших в древности. Результаты поиска семантических особенностей космонима «Аспан» в казахском и английском языках вносят значительный теоретический и практический вклад в развитие самой молодой области ономастики – космономики – в антропоцентрическом направлении. Это позволяет по-новому взглянуть на области семасиологии, лингвистики и культурологии. В связи с этим определяется ценностный уровень исследования. Результаты исследований по этнолингвистике, лингвокультурологии, ономастике и других сферах могут быть использованы в качестве дополнительных данных в исследованиях, лекциях, практических занятиях, составлении словарей, текстов.

Ключевые слова: космоним, языковая картина мира, лингвокультурная семантика, небо, синий, ономастика, семантические особенности, лингвокультурный

ABOUT LINGUOCULTURAL SEMANTICS OF THE COSMONYUM "ASPAN" IN THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

*Snabekova M. M.¹

^{*1}senior teacher, Kazakh National Women's Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan

e-mail: arumama@mail.ru , <https://orcid.org/0000-0002-0110-6814>

Abstract. The article shows the lexical-semantic features, meaning-thematic groups of the cosmonym "Sky" in the Kazakh and English languages. In this regard, the purpose of the study is based on the cognitive aspect of the cosmonym "Sky" in the Kazakh and English languages. It aims to present the basis of astronomical knowledge of the nations by modernizing the meaning of the names currently in use through the method of semantic, linguistic, cultural, and partly etymological analysis.

"Aspan/Sky" is the world of astronomical names common to mankind, but each nation sees and understands this common world in its own way, creating a linguistic image of its national world. Understanding the peculiarities of each nation through its language is an important issue in modern language communication. Therefore, the research objectives: first describes the significant semantic features of the cosmonym "Aspan" in the Kazakh language. Secondly, it sets out to describe the meaningful semantic features of the concept of "sky" in the English language and compare the linguistic and cultural features of the cosmonym "sky" in unrelated languages.

The leading idea of the research is to determine the reason why the names included in the "Aspan" system are considered to be a witness of the lifestyle, life, and history of the representatives of Kazakh and English culture. The introductory part establishes the continuity of language and culture according to anthropocentric research, based on the analysis of studies about the linguistic layers of deep content that collected the manifestations of national culture in each period.

The main results were obtained by analyzing specific linguistic and cultural units related to the cosmonym "Sky" in unrelated Kazakh and English languages, which appeared in ancient times. The results of the search for the semantic features of the cosmonym "Sky" in the Kazakh and English languages make a significant theoretical and practical contribution to the development of the youngest field of onomastics - cosmonomics - in an anthropocentric direction. It allows for new insights into the fields of semasiology, linguistics, and cultural studies. In this respect, the value level of the research is determined. Research results in ethnolinguistics, linguistic and cultural studies, onomastics, etc., can be used as additional data in research, lectures, practical lessons, the compilation of dictionaries, and texts.

Keywords: cosmonym, linguistic picture of the world, linguistic and cultural semantics, sky, blue, onomastics, semantic peculiarities, linguocultural

Статья поступила 12.07.2023